


«Верный Капитал»
компаниясының
2022 ЖЫЛҒЫ
әсері туралы есеп



VERNY CAPITAL



Мазмұны

«Верный Капитал» компаниясы туралы **06**

Бизнесті жауапкершілікпен жүргізу **12**

Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту **15**

Жергілікті қоғамдастықтарға
қолдау көрсету **19**

Экологиялық құндылықты құру **22**

Болашаққа көзқарас **28**



Сіздерге «Верный Капитал» компаниялар тобының қоғам мен қоршаған ортаға әсері туралы алғашқы есепті ұсынып отырғанға қуаныштымын, мұнда бизнесте табысқа жетумен қатар қоғамға және қоршаған ортаға оң әсер етуге қатысты ұстанымымыз көрсетілген.

«Верный Капитал» құрылған күнінен бастап корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің ең жоғары стандарттарын ұстануға тырысады және біздің ұзақ мерзімді даму стратегиямыз сапалы корпоративтік басқаруға, қоршаған ортаға және біз жұмыс істейтін қоғамдастықтарға тигізетін әсерімізге негізделген.

Біздің бизнесіміз мол қаржылай табыс табуға негізделген, бірақ біз инвестициялардың мақсаты – қоғамда оң өзгерістер жасау деп білеміз. Бұл философия қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігі үшін тұрақты дамудың ортақ мақсатымен біріктірілген біздің барлық портфельдік компанияларымызға тән.

Бұл мақсат біздің барлық істеріміздің негізінде жатқан бес негізгі құндылығымызбен тығыз байланысты — кәсіпқойлық, этика, сенім мен құрмет, көшбасшылық және, ең бастысы, нәтижелілік. Дәл осы құндылықтар осы есептің негізінде жатыр. Командаларымыз біз жұмыс істейтін нарықтар туралы сараптамалық білімге және жоғары біліктілік деңгейіне ие. Біздің басымдықтарымыз – бизнесті жүргізуге жауапкершілікпен қарау және қызметіміздің барлық салаларында ең жоғары этикалық стандарттарға сай болу. Біз өз қызметкерлерімізге сенеміз, олар жұмысында табысқа жетуі және өз әлеуеттерін толық ашуы үшін қажетті қолдаудың барлығын көрсетеміз. Біз қауіпсіз және инклюзивті жұмыс ортасын құруға тырысамыз. Өз секторымыздың алдығы шебінде болып, басқа да компанияларды бизнесті жауапкершілікпен жүргізуге шабыттандырамыз деп үміттенеміз. Біз үнемі ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге және бизнестің әр деңгейінде үздіксіз оқыту мен дамуға ұмтыламыз.

Бұл негізгі құндылықтар біздің жетістігіміздің қозғаушы күші болып табылады және мен оларға деген адалдығымыздың жобалар портфелінде жоғары қаржылық және операциялық нәтижелерге қол жеткізуімізге мүмкіндік бергенін мақтан тұтамын. Бірақ ең маңыздысы, бұл біз жұмыс істейтін қоғамдастықтардың өміріне оң әсер етуге мүмкіндік берді. Жергілікті қоғамдастықтарда ерікті болу немесе қоршаған ортаға тигізетін әсерімізді азайту болсын, біз әлемді жүйелі түрде біртіндеп, жақсы жағына өзгертеміз.

Біз қазір және болашақта бейбітшілік пен өркендеудің жалпы тұжырымдамалық жобасын қамтамасыз ететін және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметімізге негіз болатын БҰҰ тұрақты даму мақсаттарын қолдаймыз.

Есепте біздің төрт негізгі бағыттағы жетістіктеріміз егжей-тегжейлі сипатталған: бизнесті жүргізуге жауапкершілікпен қарау, адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдастықтарды нығайту, қоршаған ортаны қорғау және жақсарту. Әр бөлімде топтың барлық компанияларының ең үздік мысалдары келтірілген.

Көп жағдайда 2022 жыл бұрын-соңды болмаған жыл болды, өйткені біз ішкі және сыртқы геосаяси және экономикалық күйзелістерге тап болдық, олардың зардабын біз әлі күнге дейін сезінеміз. Сондықтан біздің әлеуметтік жауапты және тұрақты қызметімізге деген адалдығымызды растау бұрынғыдан да маңызды.

Болашаққа көз жүгірте отырып, құндылықтарға деген адалдығымыз біздің табысқа жетуімізге ықпал ететініне сенімдімін. Біз қазірдің өзінде 2023 жылы ілгерілеуді көріп отырмыз: ForteBank пен RG Gold жаңа ESG стратегияларын жариялады. ForteBank жақын арада ESG-рейтингін алу үшін өтініш беруге ниетті, ал RG Gold тұрақты даму мақсаттарын қойып, жоғары басшылық қызметінің ESG тиімділігінің жаңа негізгі көрсеткіштеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді. Біз келесі есепте қол жеткізген жетістіктеріміз туралы әрі қарай да жаңалықтармен бөлісуді көздеп отырмыз.

Мен өз қағидаттарымызға адал бола отырып, алдағы жылдары одан да маңызды нәтижелерге қол жеткізе алатынымызға нық сенімдімін.

Мен командаларымызға биылғы жылы жанқиярлығы мен қажырлы еңбегі үшін, сондай-ақ серіктестерімізге үнемі қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіремін.

Құрметпен,
«Верный Капитал» компаниялар тобының бас директоры
Ерлан Оспанов

«Верный Капитал» компаниялар тобы туралы

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТІМІЗ

Қазақстандағы ең ірі топтардың бірі бола отырып, «Верный Капитал» жеке компанияларға тікелей инвестиция салуға мамандануда. 2006 жылы құрылған топ Қазақстандағы және басқа елдердегі компаниялардың бақылау немесе ірі миноритарлық акциялар пакеттерін олардың стратегиялық және ағымдағы қызметіне белсенді қатыса отырып, сатып алады. «Верный Капитал» компанияларға операциялық көрсеткіштерін жақсартуға, қаржыландыруды тартуға, тәуекелдерді басқаруға және нарықтағы ең жақсы корпоративтік басқару мен қаржылық есеп беру тәжірибесін енгізуге көмектеседі.

Біз жетілген компаниялармен мақсатты түрде жұмыс істейміз, оларды операциялық деңгейде дамытамыз, олардың жаңа нарықтарға шығуына және өздерінің құнын арттыруына көмектесеміз. Біздің жетістігіміз тек инвестициялық параметрлердің жиынтығына негізделген, олар мыналарға бағытталған:

- Нарықты білу және жинақталған тәжірибе – біз негізінен өзіміз жақсы түсінетін Қазақстан нарығында жұмыс істейміз.
- Серіктестік – біз салалық тәжірибенің пайдасын арттыру үшін жетекші халықаралық және жергілікті серіктестерді тартамыз.
- Жеке сектор – біз тек жеке компаниялар мен жобаларға инвестиция саламыз. «Верный Капитал» мемлекеттік компанияларға инвестиция салмайды және мемлекеттік аукциондарға қатыспайды.
- Белсенді басқару – біз портфельдік компаниялардың тиімділігін арттыру үшін оларды басқаруға белсенді қатысамыз.

Портфельдік компаниялар

Біздің портфельдік компаниялар экономиканың әр түрлі секторларында жұмыс істейді, бұл біздің топқа әр түрлі салаларға операциялық және қаржылық тұрғыдан әсер ету мүмкіндігін береді. Кейбір салаларда біз жетекші халықаралық корпорациялармен бірлесіп жұмыс істейміз, олардың тәжірибесін аймақтың ерекшеліктері туралы терең білімімізбен ұштастырамыз.



ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

● Global Development

Қазақстан мен Орталық Азиядағы коммерциялық жылжымайтын мүлік нарығындағы жетекші компания.

● The Ritz-Carlton, Astana и The Ritz-Carlton, Vienna*

Marriott International жетекші халықаралық компаниясымен серіктестіктегі люкс класындағы қонақ үйлер.

● The Carlton, Moscow

Мәскеудегі люкс класындағы қонақ үй.

● Rixos Borovoe*

Халықаралық Assoc компаниясымен серіктесіп барлық маусымда жұмыс істейтін бес жұлдызды курорттық қонақ үй.



КӨЛІК ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА

● Сарыарқа әуежайы

Қазақстандағы ең ірі әуежайлардың бірі және Еуропа мен Азия арасындағы әуе дәлізінің ажырамас бөлігі



ҚАРЖЫ

● ForteBank

Қазақстанның 20 жылдан астам қызмет тарихы бар жетекші банктерінің бірі



ТАБИҒИ РЕСУРСТАР

● RG Gold*

Қазақстандағы ең ірі алтын кен орындарының бірі – Райгородок кен орнын игеретін алтын өндіруші компания. RG Gold – Resource Capital Funds-пен бірлескен кәсіпорын.



ТҰТЫНУ ТАУАРЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

● Burger King*

Burger King халықаралық жылдам тамақтану желісінің қазақстандық франшизасы



ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ БАҚ

● Beeline Қазақстан және Beeline Қырғызстан *

Ұялы байланыс және интернет қызметтерін ұсынатын VEON халықаралық телекоммуникациялық компаниясымен серіктестік

● «31-арна»

Бүкіл отбасына арналған ұлттық негіздегі қазақстандық ойын-сауық телеарнасы

● Informburo.kz

Қазақстанның үздік 3 аса ірі жаңалықтар сайтына кіретін мультимедиялық ақпараттық-талдау порталы

● Vi Kazakhstan

Қазақстанның медиа жарнама нарығындағы ірі компаниялардың бірі

* Халықаралық серіктестікті білдіреді



Евгений Настрадаин,
Beeline Қазақстан бас атқарушы директоры

«Beeline-да инновацияларды енгізумен және революциялық цифрлық шешімдерді жасаумен айналыса отырып, біз қазақстандықтарға - әлемдік деңгейдегі жоғары сыныпты инженер-бағдарламашыларға да, сондай-ақ елдің әртүрлі аймақтарындағы оқушыларға да инвестиция саламыз. Біз университеттермен және зерттеу орталықтарымен жұмыс істейміз, жыл сайынғы BeeTech хакатондарын өткіземіз, шалғай аудандарда мектептерді Интернетке қосу бойынша жобаларды іске асырамыз, сондай-ақ цифрлық алшақтықты жою үшін бар күшімізді саламыз.

2023 жылдың мамыр айында Қазақстандағы Американдық Сауда Палатасы Beeline компаниясын Қазақстан ауыл балаларын дамыту және оларға сапалы білім беру үшін тең мүмкіндіктер беруге бағытталған ауылдық жерлердегі тірек мектептерді дамыту жобасы үшін «2022 жылдың үздік әлеуметтік жобасы» аталымы бойынша марапаттады. Құны 2 млрд теңге болатын жоба аясында 8 ауыл мектебі (4 600-ден астам оқушы) жөндеуден өтіп, 280 сынып бөлмесі қайта жабдықталды. Ел алдындағы міндеттемелері шеңберінде және Beeline АТ-командасының біліктілігінің өте жоғары деңгейде болуының арқасында Beeline жасанды интеллектті қазақ тіліне үйретіп, оны ашық бастапқы коды бар технология ретінде бөлісті. Біз қалалар мен ауылдар арасындағы цифрлық алшақтықты еңсеру және әртүрлі салаларда таланттарды өсіру арқылы елдің дамуына өз үлесімізді қосқанымызды мақтан тұтамыз».



Әлеуметтік жобаларға салынған инвестициялар

«Верный Капитал» портфельдік компанияларға инвестиция салудан басқа, Қазақстандағы білім беру саласына әлеуметтік маңызы бар инвестиция салумен айналысады.

Нархоз Университеті

Алматы қаласындағы экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп, халықаралық қатынастар, маркетинг, құқық, менеджмент, цифрлық технологиялар, туризм, қонақжайлылық және мемлекеттік басқару саласында мамандарды даярлайтын жетекші жеке жоғары оқу орны

Haileybury Қазақстан мектептері*

Ұлыбританиядағы Haileybury мектебімен серіктестікте құрылып, Алматы мен Астанада британдық оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін жеке меншік мектептер.

Нархоз Университеті мен Haileybury мектептері барлық түскен кірістерді кадрлық әлеуетті дамытуға, инфрақұрылымды жақсартуға және университет пен мектептердің білім беру сапасын арттыруға қайта инвестицияланады.

* Халықаралық серіктестікті білдіреді



Мирас Дәуленов,
Нархоз университетінің
президенті, Басқарма
төрағасы

«Тұрақты даму - табысқа жету философиясы және сонымен бірге турбулентті әлемдегі жетекші әлемдік компаниялардың даму стратегиясы. Біз Нархоз университетінде осы тұжырымдамаға барлық бизнес-процестерді кешенді әрі дәйекті түрде жақсартуға, академиялық адалдық пен еркіндік мәдениетін құрып, қолдауға, жаңа экологиялық және технологиялық кампус қабырғасында студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған нақты әрекеттерді енгіземіз.

2022 жылы Нархоз университеті жұмысының нәтижелері Times Higher Education Impact Rankings британдық рейтингінде жоғары позициялармен белгіленді, оның шеңберінде Нархоз БҰҰ-ның тұрақты дамуының барлық 17 мақсаты бойынша бағалаудан өтіп, Қазақстанның үздік жеке жоғары оқу орны болып танылды.

Біз таңдаған даму векторының дұрыстығына сенімдіміз, ол университеттің халықаралық рейтингтердегі позициясын нығайтуға және біз ұсынатын инклюзивті, сапалы білім беру спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді».



БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ


«Верный Капитал» БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау, теңсіздіктерді жою және бүкіл әлемдегі адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-әрекеттерге жаһандық шақыру үн қосу ретінде қызмет ететін тұрақты даму мақсаттарын қолдайды. Өз жұмысымыз арқылы біз барлық адамдардың болашағы тұрақты болу үшін осы мақсаттарға негізделген қағидаттарды басшылыққа алуға тырысамыз.

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТУГЕ АРНАЛҒАН 17 МАҚСАТ



«Верный Капитал» тобының компаниялары:

-  Қазақстан экономикасына да, елдің жекелеген өңірлерінің экономикасына да елеулі тікелей және жанама экономикалық үлес қосады
-  Әлеуметтік және еңбек бастамалары арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерге қолдау көрсетеді.
-  Қызметкерлерді оқытуды және қызметкерлерге әділ әрі ашық сыйақы беруді қамтамасыз етеді.
-  Жергілікті қоғамдастықтар үшін білім беру мен демалыс нысандарын қаржыландырады және салады.
-  Топ кадрлардың алуан түрлілігімен және әйелдердің көп болуымен ерекшеленеді.



Бизнесі жауапкершілікпен жүргізу

Жауапты тәсіл «Верный Капитал» тобы мен оның портфельдік компаниялары жүргізетін қызметтің негізінде жатыр. Біз өз тобымызда корпоративтік басқару, этика және жеткізу тізбегін басқару стандарттарына сәйкес жауапты және ашық тәжірибелерді қамтамасыз ету үшін ойластырылған саясаттар мен рәсімдерді енгіздік.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Верный Капитал» өз қызметінде және портфельдік компаниялардың қызметінде корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарын ұстанады. Компания қатаң саясат әзірлеп, озық тәжірибелерге сәйкес болу үшін тұрақты түрде оқытуды қолға алу арқылы сенімді басқару құрылымдарын құрды.

«Верный Капитал» тобына кіретін **Қазақстан мен Қырғызстандағы Beeline** телекоммуникациялық компанияларында бақылау кеңестері мен атқарушы орган, сондай-ақ шешімдерді қабылдау мен орындаудың ашықтығын қамтамасыз ететін ішкі комитеттер бар. Олар компанияның Жарғысымен, Бақылау кеңесінің ережесімен және Іскерлік этика кодексімен реттеледі.

Осыған ұқсас түрде **ForteBank** егжей-тегжейлі және үздік тәжірибеге сәйкес келетін Корпоративтік басқару кодексі, Корпоративтік этика кодексі мен Жарғыны әзірледі, олар Директорлар кеңесі туралы ережемен бірге ашық қолжетімділікте жарияланған. Бұл құжаттар банктің басшылары мен қызметкерлері сыртқы мүдделі тараптармен және өзара іс-қимыл кезінде ұстанатын негізгі қағидаттар мен құндылықтарды тұжырымдайды. Банк салалық ұйымдардың, оның ішінде Қазақстандық салымдарға кепілдік беру қорының, Қазақстандық

қор биржасының, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының және Swift қатысушысы болып табылады.

Әлемдік жетекші стандарттарға сәйкес жұмыс істей отырып, «Верный Капиталдың» жылжымайтын мүлікпен айналысатын бірнеше компаниялары да халықаралық серіктестерінің корпоративтік басқару кодекстерін қабылдады. Мысалы, «Верный Капитал» тобының **Ritz-Carlton** қонақ үйлері Marriott International стандарттары мен рәсімдеріне сәйкес жұмыс істейді, ал **Rixos Borovoe** қонақ үйі Ассосі Этика және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі, сондай-ақ оның Planet 21 бағдарламасын ұстанады.

Haileybury мектептері мен Нархоз Университетінде Директорлар кеңесінің құзыреті және олардың сайлауы, рөлі, өкілеттіктері мен міндеттері сияқты салаларда корпоративтік басқарудың толық кодекстері бар.

ЭТИКА

«Верный Капитал» парақорлыққа, ақшаны жылыстатуға және мүдделер қақтығысына қарсы күрес сияқты салаларды қамтитын қатаң саясаттармен және рәсімдермен ең жоғары этикалық стандарттарды ұстанатынын мақтан тұтады. Бұл топта корпоративтік басқару саласындағы қызметті қолдау

үшін қажетті жауапкершілік мәдениеті мен этиканы дамытуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның жетекші банктерінің бірі бола отырып, **ForteBank** Корпоративтік этика және мүдделер қақтығысын басқару саясаты кодексіні қатаң ұстанады. Банк осы маңызды салалардағы ең жоғары стандарттарға сәйкес бизнесті жүргізуді қамтамасыз ету үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл қағидаларын енгізді.

Нархоз Университетінде академиялық адалдық пен ғылыми зерттеу этикасы мәселелеріне ерекше назар аударылады. Университетте Этикалық мінез-құлық кодексі қолданылып, Этикалық комиссия жұмыс істейді.

Beeline Қырғызстан Мінез-құлық кодексімен қатар парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа, мүдделер қақтығысына, кірістерді жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ бұзушылықтар туралы ақпаратқа ден қою және тергеп-тексеру жүргізу мәселелерін реттейтін саясаттарды қолданады.

Informburo.kz мультимедиялық ақпараттық-талдау порталында нақты және ашық жұмысты қамтамасыз ететін қатаң редакциялық саясат бар. Ол тексерілген ақпаратты жариялау, сондай-ақ жазбаша материалдар мен тақырыптарды жариялау қағидаларын қамтиды (мысалы, кликбейтті тақырыптарды пайдалануға тыйым салу). Соның арқасында **Informburo.kz** Қазақстандағы ең сенімді БАҚ-тың біріне айналды.

Сол сияқты **Global Development** іскерлік этиканың толық ережелері мен қағидаларымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қоса алғанда, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету рәсімдері көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу және шығыстарды мақұлдау жөніндегі нұсқаулықпен бірге корпоративтік мәдениет кодексіні әзірледі.

RG Gold те Корпоративтік этика кодексіні, Өнім берушінің іскерлік этика кодексіні, Бәсекелес сатып алу рәсімдері туралы нұсқаулықты және Мүдделер қақтығысы туралы ережені қабылдады.

ЖАБДЫҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сенімді және ашық жеткізу тізбегін құру «Верный Капитал» компаниясының жауапты іскерлік міндеттемелерінің негізгі діңгегі болып табылады. Өнім берушілерді мұқият тексерудің маңызы зор, бұл ретте мінез-құлық кодекстері мен аудиттер өнім берушілердің біздің стандарттарымыз бен құндылықтарымызға сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Beeline Қазақстан барлық өнім берушілерден сәйкестік туралы ережеге қол қоюды талап ете отырып, іскери серіктестерді мұқият тексереді. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, санкциялық талаптардың, кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді

«Біз RG Gold-қа 2018 жылы инвестиция салдық. Бұл біздің Қазақстандағы алғашқы инвестициялық тәжірибеміз болды және дью-дилидженс процесінің басынан бастап біз барлық тараптардың, әсіресе жергілікті тұрғындардың мүдделерін сақтай отырып, персоналдың кәсіби деңгейіне және пайдалы қазбаларды өндіруге ұқыпты қарауына тәнті болдық. RG Gold жаңа өндірісі компанияның өсуіне және одан әрі дамуына мүмкіндік беретін ең үздік салалық стандарттарға сәйкес келеді».

Resource Capital Funds американдық жеке инвестициялар қоры

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл талаптары мен экспорттық бақылаудың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы заңнама (оның ішінде Қазақстан Республикасы, АҚШ және ЕО) талаптарының сақталуын қамтиды. Тендерлердің және конкурстардың тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін электрондық аукциондар өткізіледі.

Тау-кен өндіруші компания бола отырып, **RG Gold** барлық сатып алуды «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырады. Бұл өнім берушілердің тиісті заңды мәртебесі мен тәжірибесінің болуына және сауда-саттық процесінде сапа, ашықтық және құнның негізгі қағидаларын қолдана отырып, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бизнесті жүргізуіне кепілдік береді. Қызметкерлер мен сатушылар үшін қызмет бабын теріс пайдалану мен сыбайлас жемқорлықтың кез келген жағдайларын болдырмау үшін арнайы сенім телефоны құрылды. **RG Gold** жергілікті қамту талаптарына толық сәйкес әрекет етеді. Компанияның 2022 жылы сатып алған тауарлары мен қызметтерінің 85%-ы ел ішінде өндірілген.

Burger King мейрамханалары азық-түлік қауіпсіздігі стандарттарын сақтауға ерекше назар аударады. Компания тек халықаралық деңгейде (GFSI сертификаттау схемасы) мақұлданып, сертификатталған өнім берушілермен жұмыс жасайды және жабдық пен шикізатқа жоғары талаптар қояды.

«**31-арна**» сатып алу рәсімдерін реттейтін, тысқары жеткізушілердің лоббизміне жол бермейтін және бизнестің әділ әрі ашық жүргізілуін қамтамасыз ететін қатаң тендерлік саясатты ұстанады. Сондай-ақ, компания жеке саясатының орындалуын қамтамасыз ету үшін өнім берушілеріне аудит жүргізеді.

Vi Kazakhstan компаниясының тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы тендерлік саясатқа сәйкес жүзеге асырылады; Vi Kazakhstan компаниясында Шарттарды жасау туралы ереже қолданылады.

Haileybury мектептерінің барлық сатып алулары Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру саясатына сәйкес жүзеге асырылады. 2022 жылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 87%-ды құрады.



Лоуренс Россоу,
RG Gold бас директоры

«2022 жыл RG Gold үшін қай жағынан да маңызды жыл болды - біз жылына 5 млн тонна кен өндіретін жаңа тау-кен металлургия кешенің іске қостық, компанияның өндірістік көрсеткіштері 3 есеге жуық өсті, қызметкерлер саны айтарлықтай өсті. Бизнес ауқымының өсуімен табиғи ресурстарды басқаруда да, сондай-ақ біздің қызметкерлер мен аймақ тұрғындары алдында да біздің жауапкершілігіміз артып келеді. Дәл осы жауапкершілік ең үздік жергілікті және халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты даму қағидаттарын енгізудің басты қозғаушы күші болып табылады.

2022 жылы компанияның барлық процестеріне транспаренттілік және әдептілік саясаты сәтті енгізілді, біз қоршаған ортаға шығарылатын шығарындыны нөлдік деңгейге жеткізуге ұмтыламыз, қызметкерлеріміздің қауіпсіздігіне қамқорлық жасаймыз және экологиялық бастамалардың кең ауқымын іске асырамыз. Біздің компания бірнеше жылдан бері кен орнына жақын маңдағы өңірде әлеуметтік-қайырымдылық қызметін белсенді жүргізіп келеді».



Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту

Біз «Верный Капитал» тобының бизнесіадамдарға бағдарланғанын мақтан тұтамыз және қызметкерлеріміз бүкіл қызметіміздің негізін құрайды. Біз портфельге кіретін барлық компанияларымызда шын мәніндегі инклюзивті және позитивті мәдениетті құру үшін жұмыс істеп жатырмыз, бұл біздің қызметкерлеріміздің кәсіби тұрғыдан және жеке басының өркендеулеріне мүмкіндік береді.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Денсаулық пен қауіпсіздік кез келген жауапты бизнес үшін маңызды басымдық болып табылады және «Верный Капитал» өзінің портфеліне кіретін барлық компаниялардың ЕҚ және ҚТ саласында сенімді саясаты болуын қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді егжей-тегжейлі бағалауға негізделген бұл саясаттар бізге қауіпсіз және жайлы жұмыс ортасын құруға, бизнесіміз дамыған сайын жаңа әдістерді енгізуге, әріптестерімізді жұмыс

орындарында қауіпсіздік мәдениетін сақтауға және ілгерілетуге үйретуге көмектеседі.

Сарыарқа әуежайындағы еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саясаты ауысым алдындағы медициналық тексеруді қамтиды, сондай-ақ барлық қызметкерлерді жыл сайынғы медициналық тексеруден өткізу ұсынылып, қызметкерлерді тиісті оқыту қамтылған.

RG Gold өз қызметкерлерін тиісті саясаттарды өзірлеп, жүзеге асыруға белсенді тарту арқылы кәсіби

төуекелдерді бағалауға және азайтуға баса назар аударады. Компания сонымен қатар теңдестірілген жұмыс кестесін ұсынады, өз қызметкерлерін тұрақты медициналық тексеруден өткізеді және медициналық сақтандыру ұсынады, сондай-ақ қызметкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін ұжымдық еңбек шартына ие.

Осындай тәжірибе **Beeline Қазақстан және Beeline Қырғызстан** компаниясында да бар, онда қызметкерлер кәсіптік оқудан (соның ішінде алғашқы медициналық көмек курстары), үнемі медициналық тексеруден өтеді және еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан сақтандырылады.

ForteBank медициналық сақтандырудан және жыл сайынғы медициналық тексеруден басқа, фитнес сабақтарына ақы төлеу үшін бөліп төлеуді ұсынады, сонымен қатар күрделі операциялар сияқты медициналық сақтандырумен қамтылмаған жағдайларда қаржылық көмек көрсетеді.

Burger King қызметкерлері қауіпсіздік бойынша тұрақты түрде нұсқаулар алып отырады. Компанияда мейрамханаларда қолданылатын жабдықты дұрыс ұстауға және қамтамасыз етуге жауапты білікті техник мамандар бар. Бұған қоса, алты ай сайын мейрамхана қызметкерлері компанияның қаражаты есебінен міндетті медициналық тексеруден өтеді.

ЭТНОМӘДЕНИ ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

Біздің барлық компаниялар жұмыс орындарында инклюзия мен әртүрлілік қағидаттарын ұстануға, өз қызметкерлерінің мүмкіндіктерін кеңейтуге және олардың айырмашылықтарын құрметтеуге тырысады. Біздің компаниялар гендерлік теңдікті ілгерілетеді, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жұмыс орындарын өзгертуді қамтамасыз етеді, эмпатия мәдениетін ынталандырады және кәсіби дамуды қолдайды.

Біздің әрекеттерімізге мақсатты құжаттар мен құралдар қолдау көрсетеді. Мысалы, 2022 жылы **Нархоз Университеті** ерекше қажеттіліктері бар студенттер үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету саясатын қабылдады. Ол сондай-ақ теңдік пен инклюзия құндылықтарын насихаттайтын және студенттер мен оқытушылардың өкілдерін қамтитын Академиялық әртүрлілік, теңдік және инклюзия комитетін құрды.

Beeline Қазақстан қызметкерлер цифрлық өнімдерді неғұрлым инклюзивті және қолжетімді ету үшін шешімдер әзірлеумен айналысқан Beeline Digiton ұйымдастырушысы болды. Компанияда декреттік демалыстағы қызметкерлерге арналған арнайы бағдарламалар бар. Сонымен қатар, топ-менеджменттің 33%-ы - әйелдер.

Жалпы, біздің топ қызметкерлерінің 52%-ы - әйелдер, ал **ForteBank-та** Басқарманың бес мүшесінің екеуі –

«Бірнеше жыл бойында біздің ұйым RG Gold алтын өндіруші кәсіпорнына геологиялық сынама жасауға арналған қаптарды жеткізуші болып келеді. Бірлескен жұмыстың басында RG Gold қызметкерлері дайын қаптардың сапасына кіріс бақылауын жүргізді. Біз түпкілікті өнім өндіріс талаптарына толық сәйкес келуі үшін өнім сапасын жақсарту мақсатында бірге жұмыс істедік. 2022 жылы біз 84 516 геологиялық қапты қойдық, ал 2023 жылы бұл көрсеткіш еселеп артады. RG Gold арқасында біз 25 жұмыс орнын сақтап қалдық, оның 17-сі мүмкіндігі шектеулі жандар. Сондай-ақ, 10 мүмкіндігі шектеулі адам жұмысқа орналасуға кезекте тұр. Біз компанияға жемісті ынтымақтастығы, қосқан әлеуметтік үлесі және мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамына қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамыз».

А. Никитин, «Қазақстан саңыраулар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Арман-Көкше» корпоративтік қорының төрағасы.

әйелдер, банк қызметкерлері арасындағы әйелдердің жалпы үлесі 65%-дан асады, ал **The Ritz-Carlton, Astana** және **The Carlton, Moscow** қонақ үйлерінде қызметкерлердің 70%-ына дейін - әйелдер.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

Қызметкерлердің әл-ауқаты бизнесіміздің тиімділігінің кілті болып табылады. Біздің компанияларымыз инклюзивті орта құру, бәсекеге қабілетті жалақы мен тартымды әлеуметтік кепілдіктер ұсыну, сондай-ақ мансаптық мүмкіндіктер беру арқылы ең жақсы кадрларды ұстап тұру үшін көп жұмыс істейді.

Инфляция деңгейінің жоғары болуына байланысты 2022 жылы **ForteBank** филиалдар мен бас кеңседегі белгілі бір санаттағы қызметкерлердің жалақысын көтерді. Жалақының өсуі банк ұжымының шамамен 70%-ын - инфляцияның өсуін мейлінше көбірек сезінген қызметкерлерді қамтыды.

Beeline Қазақстан да өз қызметкерлеріне жалақы мен сыйақы төлемдерін көтеру арқылы қолдау көрсетті, жалпы сыйақы деңгейі шамамен 26%-ға өсті. Компания сонымен қатар қызметкерлердің жылдық сыйақысының 40%-көлемінде аванс төледі. Бұған қоса, **Beeline** өз қызметкерлеріне арналған спорт, бала күтімі және әр

түрлі оқу бағдарламаларының шығындарын, сондай-ақ олардың ипотекасын ішінара өтеуді қамтамасыз етеді.

Beeline Қырғызстан міндетті кәсіптік оқытуды енгізді және қызметкерлердің өзін-өзі дамыту мүмкіндіктеріне ауқымды қолдау көрсетті. Компания әсіресе жұмыс пен жеке өмірдің теңестірілуі тақырыбына назардан тыс қалдырмай, қызметкерлердің «жұмсақ» және «қатал» мінез-құлық дағдыларын дамыту үшін Veop Crossknowledge [корпоративтік] оқыту платформасын пайдаланды. Компания Workplace-те әр түрлі тақырыптар бойынша түрлі оқу ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту және дамыту тобын құрды. Сондай-ақ корпоративтік цифрлық кітапхана ашылып, әр түрлі тақырыптар бойынша егжей-тегжейлі сессиялармен «Миыңды шынықтыр» жобасы іске қосылды. Бұған қоса, **Beeline Қырғызстан** 20-дан астам подкасттармен «Бірге әзірлейік» Telegram арнасын іске қосты.

RG Gold жұмысшылары негізгі өнімділік көрсеткіштеріне байланысты ай сайынғы 20% сыйақы және жылдық жалақысының 20%-ына дейін жылдық сыйақы алды, ал компания басшылары жылдық табысынан 30% жылдық сыйақыға ие болды. Ұжымдық шартқа сәйкес 2022 жылы компания қызметкерлерге 117 млн теңгеден астам материалдық көмек төледі. Бұл төлемдер бала туу, неке құру, жақын туыстарының қайтыс болуы, балаларды мектепке дайындау, қызметкерлердің балаларына Жаңа жылға сыйлықтар, материалдық және әлеуметтік көмек сияқты ерекше жағдайларды қамтыды.

Rixos Borovoe бірнеше операциялық бөлімдер үшін қаржылық көрсеткіштерге және қонақтардың қанағаттанушылығын бағалауға негізделген марапаттау жүйелерін енгізді. Компания тоқсан сайын және жыл сайын үздік қызметкерлерді таңдап, марапаттайды және қонақтардың пікірлері негізінде айдың ең үздік қызметкерлерін ынталандырады. Қонақ үй сонымен қатар басқа қонақ үйлер мен мейрамханаларды қоса алғанда, ішкі және сыртқы оқытуды ұйымдастырады.

Burger King қызметкерлерге арналған ынталандырушы бағдарламаларды әзірледі. Компанияда жеке және топтық оқыту бағдарламалары арқылы қызметкерлердің кәсіби дағдыларын дамытуға қолдау көрсететін өзінің тренинг-департаменті бар.

Жақында енгізілген «Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және материалдық көтермелеу жүйесі туралы ереже» аясында **«31-арна»** 10-15 жыл жұмыс өтілі бар қызметкерлеріне және қызметкерлердің отбасыларында балалардың туылуына байланысты материалдық көмек көрсетті.

The Carlton, Moscow өз қызметкерлеріне ерікті медициналық сақтандыруды, өмірді және жазатайым оқиғалардан сақтандыруды, сондай-ақ тегін тамақ пен ағылшын тілі сабақтарын ұсынады. Компания сонымен қатар серіктес қонақүйлерге жеңілдіктер береді.



«Beeline компаниясының Диджитон жобасы, менің ойымша, іс-шараның қорытындысы бойынша әзірленген өнімдерімен ғана құнды емес, ол мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсартатын нақты шешімдер түрінде тұтынушыларға жетеді деп үміттенемін. Оның тәжірибесі өте маңызды, өйткені осы тәжірибені үйрену арқылы қатысушылар өздерін байытты. Барлық командалар өз өнімдерінің мақсатты аудиториясының тәжірибесі мен қажеттіліктерін зерттей отырып, байыпты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мұның түптеп келгенде, адамдар арасындағы кедергілерді жеңуге көмектесетіні және инклюзивті ойлайтын қазақстандықтардың санын көбейтетіні де маңызы жағынан кем түспейді».

Зият Әбдіқайымов, Назарбаев Университетінің ассистивті технологиялар жөніндегі сарапшы-менеджері, диджитон қазылар алқасының мүшесі




Бекжан Пирматов,
ForteBank
Басқарма төрағасы

«ForteBank тұрақты даму қағидаттарын өзінің стратегиясы мен корпоративтік басқару жүйесіне белсенді түрде біріктіреді. 2022 жылы әр түрлі құрылымдық бөлімшелердің атынан өкілдік ететін банктің 40-тан астам қызметкерлерінен тұратын жұмыс тобы ESG тәжірибелерін дамыту үшін басым бағыттар мен негізгі көрсеткіштерді талдап, ұсынды, олардың негізінде экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару стратегиясы тұжырымдалды.

Бұл ретте Банктің ESG-трансформациялау процесінің бұрын қаланған берік іргетасы бар. Forte - әйелдер мен ерлердің тең құқықтарына кепілдік беретін жауапты жұмыс беруші. Мәселен, 2022 жылы басшылық позициялардағы әйелдердің үлесі 48% - ды құрады, оның үстіне бұл көрсеткіш филиалдық желіде 49% - дан асты. Осы жетістіктерді ескере отырып, Дүниежүзілік экономикалық форум бізді Қазақстанның алғашқы коммерциялық ұйымдарының қатарында «Glosing the Gender Gap» гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бастамасына қосылуға шақырды. Банк сонымен қатар ESG-трансформация саласындағы жетекші қазақстандық компанияларды біріктіретін ұлттық ESG-клубының мүшесі болды.

ECO Network компаниясы серіктесімізбен бірге біз жұмыс кеңістігімізде Жасыл кеңсе тұжырымдамасын дамытамыз. Банк қызметкерлеріне қалдықтарды саналы түрде тұтыну бойынша оқу курстары өткізіледі, кеңселердегі шығарылатын және одан әрі қайта өңделетін қалдықтарды сұрыптайды.

ForteBank әу бастан-ақ білім беру, спорт және мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызды жобаларды қолдайды. Олардың ішіндегі ең ірісі 2023 жылы басталған Алматы облысының Есік қаласында Forte банктің қаржыландыруымен салынатын мектеп болады. Ол соңғы білім беру технологияларымен жабдықталады, онда 900 жергілікті бала оқиды. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2023-2024 жылдары экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы есептілікті ашу және тәуекелдердің алдын алу жөніндегі ұсынымдар мен талаптарды енгізетін болады. Forte өзінің күнделікті тәжірибесінде ESG қағидаттарын қолдана отырып, реттеуші инновацияларға барынша дайын. Біздің таяу арадағы жоспарларымыз - ESG рейтингін алу.»



Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау

Жергілікті қоғамдастықтар бизнесіміздің басты назарында және оларға қолдау мен көмек көрсету - қызметіміздің негізі десек те болады. Біз әлеуметтік жобаларға, қайырымдылық пен демеушілікке, сондай-ақ еріктілікке назар аударамыз, оның көмегімен неғұрлым зор жетістікке жете алатын бастамаларға, соның ішінде білім беру, денсаулық сақтау салаларында және өмір сүру деңгейін жақсартуға қол жеткізе аламыз.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

Әлеуметтік жобалар біздің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметіміздің маңызды бөлігі болып табылады және портфельдік компанияларымыз жергілікті халықты белсенді түрде қолдайды. Біз қызметкерлеріміздің де, сыртқы мүдделі тараптардың да өмірін жақсартуға тырысамыз.

Нархоз Университетінің қызметі айқын әлеуметтік бағытқа ие. Жоғары оқу орнының мақсатына Қазақстанда

білім алуға қолжетімділікті кеңейту кіреді. Университет жетімдер мен ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін оқу ақысына жеңілдіктер, сондай-ақ дарынды студенттер үшін гранттармен шәкіртақылар ұсынады. 2022 жылы «Верный Капитал» компаниялар тобы 50 оқу грантын бөлді.

Нархоз Университетімен бірлесіп **The Ritz-Carlton, Astana** және **Rixos Borovoe** қонақ үйлері студенттерге жеке бизнесті халықаралық басқару тәжірибесін алу мүмкіндігін ұсына отырып, қонақ үй бизнесіне оқыту бағдарламасын

іске қосты. Осы бағдарлама аясында қонақ үйлердің қызметкерлері тәлімгер мен жаттықтырушы ретінде қызмет етті. **The Ritz-Carlton, Astana** және **Rixos Borovoe** дуальды бағдарламалары бойынша университеттің 120-дан астам студенті оқыды, олардың кейбіреулері жұмыс туралы ұсыныстар алды.

The Ritz-Carlton, Vienna қонақ үйі WUK Arbeitsassistentz әлеуметтік-мәдени орталығымен бірлесіп, жасөспірімдерді қонақ үй индустриясымен таныстыру үшін «Қызмет ету арқасында табысты болу» ұранымен апталық бастады, сонымен қатар Kinderhospiz балалар хосписі үшін аспаздық шеберлік сабағын ұйымдастырды.

Haileybury Astana және **Haileybury Almaty** жыл сайын дарынды оқушыларды қолдау үшін гранттар ұсынады. 2022 жылы мектептер **Haileybury Almaty-да** A-level бағдарламасына және **Haileybury Astana-да** Халықаралық Бакалавриат бойынша оқуға 10 гранттан ұсынды. Бұған қоса, оқу ақысына жеңілдіктер берілді.

Beeline Қазақстан мүмкіндігі шектеулі жандарға білім беру және қолдау көрсету сияқты бірнеше бастамаларды жүзеге асырды. Мысалы, 2014 жылдан бастап оның «Шексіз мүмкіндіктер» жобасы бойынша ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерге арналған 20 әлеуметтік мекемеге тегін интернет беріледі және жақында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмірін жақсарту бойынша идеялар мен АТ шешімдерін әзірлеу үшін «хакатон» өткізілді. Білім беру саласында компания Қазақстандағы ең ірі білім беру платформасы Bilim Media Group-пен бірлесіп жұмыс істейді, орта мектептерде цифрлық сауаттылық сабақтарын өткізеді, ал **Beeline** оқу орталығы цифрлық салада мансабын бастағысы келетін адамдар үшін семинарлар мен іс-шаралар өткізеді. Beeline ЮНИСЕФ-те сондай-ақ интернетте балалардың онлайн қауіпсіздігі бойынша жұмыс тобын басқарады.

Beeline Қырғызстан жас ұрпақты дамытуға бағытталған білім берудің цифрлық жобаларын қолдайды. Компания ақпараттық технологиялар саласында екінші оқу ағынын іске қосты, соның арқасында Қырғызстанның барлық өңірлерінен 75 адам ІТ-мамандықтарды тегін оқуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, **Beeline Қырғызстан** Бішкекте жастарға арналған жаңа тегін коворкинг-орталықтың ашылуын қаржыландырды. Компания сондай-ақ жергілікті мектептерге баруды және балалармен жол қозғалысының негізгі ережелерін талқылауды кездейтін жол қауіпсіздігі жобасын іске қосты.

RG Gold өзінің жергілікті қауымдастықтарымен де белсенді жұмыс істейді. 2022 жылы компания дарынды жастарды қолдау үшін Ақмола облысы мен Астана қаласының студенттеріне 4 909 100 теңге сомасына 11 білім беру грантын бөлді. Гранттарға толық оқу ақысы, ай сайынғы шәкіртақы, жергілікті жердегі тағылымдамалар және компанияда жұмысқа орналасу мүмкіндігі кірді. Бұған қоса, Николаевка және Райгородок ауылдарында футбол


алаңдары мен балалар алаңдары салынды, Гордеевка ауылында сумен жабдықтау және көріз инфрақұрылымын жаңғырту жүргізілді, сондай-ақ жергілікті тұрғындарға медициналық қызметтер көрсетіліп, білім беру бағдарламаларына қолдау көрсетілді.

«31-арна» және **Informburo.kz** Болат Өтемұратов қорының, Қазақстан теннис федерациясының және **Нархоз Университетінің** қызметін қоса алғанда, түрлі әлеуметтік маңызы бар бастамаларға, сондай-ақ спортты дамытуға және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек көрсетуге байланысты басқа да жобаларға ақпараттық қолдау көрсетеді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК

Біздің топта қайырымдылық пен демеушіліктің бұрыннан қалыптасқан дәстүрі бар, соның арқасында Қазақстанда көптеген қоғамдық маңызы бар іс-шараларды қолдау жүзеге асырылуда. Бұған табиғи апаттардан зардап шеккендерге көмек көрсету және білім беруді қолдау кіреді, ол бізге қолдауға еңмұқтаж адамдарға көмектесуге мүмкіндік береді.

ForteBank Қазақстан теннис федерациясымен бірлесіп көптеген жылдар бойы Қазақстанда теннисті дамытуды қолдап келеді. 2022 жылы банк қазақстандық теннис турнирлеріне, сондай-ақ халықаралық Forte60, ForteSeries Президент кубогы, Astana Open ATP500 турнирлеріне демеушілік жасады. Бұдан басқа, банк Болат Өтемұратов қоры мен Қазақстанның Қызыл Жарты Ай қоғамының табиғи және техногендік апаттардан зардап шеккендерге қаржылық қолдау көрсету жөніндегі бірлескен бастамасы - «Көмек картасы» жобасына қатысады.



Beeline Қазақстан сондай-ақ шұғыл көмек көрсету бойынша жобаларға көп көңіл бөледі. 2022 жылы Қазақстандағы әлеуметтік наразылықтардан кейін компания «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорына денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдауға 2 миллиард теңге аударды. Осы бастама аясында Beeline компаниясы материалдар мен техникалық жабдықтарды жеткізу арқылы ауыл мектептерін дамыту бойынша жобаға қолдау көрсетті. Бұл жоба сонымен қатар ауыл балаларына сапалы білім алуға мүмкіндік беру арқылы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ықпал етті және ауылдық жерлерден 4 000 оқушыны қамтыды. Компания сонымен қатар апат құрбандарына - 2022 жылғы қыркүйекте Қостанай облысында өрттен зардап шеккен азаматтарға және 2022 жылғы желтоқсанда жылусыз қалған Екібастұз қаласының тұрғындарына - интернетке ақысыз қолжетімділік құқығын ұсынды.

Өз кезегінде, **RG Gold** балаларға білім беру және жастарды дамыту саласындағы жобаларды белсенді қолдайды. Компания Успеноурьевка, Николаевка және Гордеевка ауылдарындағы үш мектепке керек-жарақтарды, асүйлерге, спортзалдар мен кабинеттерге арналған жабдықтарды алып беріп, сондай-ақ жаңа жылдық сыйлықтарды сыйлады. Халықаралық балаларды қорғау күніне орай **RG Gold** қызметкерлері Гордеевка балалар орталығына кітаптарды сыйға тартты.

Ал **Сарыарқа әуежайында** жетім балаларға арналған қайырымдылық науқандары мен экскурсиялар ұйымдастырылып, кәдесыйлар таратылды.

ЕРІКТІЛІК

Әрине, компаниялардың тікелей қаржылық қолдауы мен қайырымдылық көмегі жергілікті қауымдастықтарды

қолдау үшін өте маңызды, алайда қызметкерлеріміз қайырымдылық жобаларын жүзеге асыруда жетекші рөл атқарады. Біздің топ еріктілікті белсенді түрде ынталандырады және көптеген әріптестеріміз жеке уақыттарын қоғамдық пайдалы істерге арнайды.

Мысалы, **Rixos Borovoe** қызметкерлері жыл сайын «Бурабай» ұлттық паркі аумағындағы сенбіліктерге қатысады, ал **The Ritz-Carlton, Astana** қонақ үйінен 598 ерікті 2022 жылы қайырымдылық аясында 900 сағат жұмыс істеді. **The Ritz-Carlton, Vienna** қызметкерлері SOS Kinderdorf еріктілер бастамаларына тұрақты қатысады, ал **The Carlton, Moscow** ерекше қажеттіліктері бар балаларды, жетімдерді, панасыз адамдарды және жануарларды қолдайтын бірнеше қайырымдылық ұйымдарымен жұмыс істейді.

Beeline компаниясының өзінің еріктілер бағдарламасы бар: компанияның әр аймақтық кеңсесінде ерікті көшбасшылар жұмыс істейді (бұл функцияны барлығы 50-ден астам адам орындайды), ал оның жобаларына жыл сайын компанияның 1500 қызметкері қатысады. Іс-шараларға балалар үйіндегі балаларды қолдау, соның ішінде мектепке дайындық, жаңа жылдық сыйлықтар, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, ағаш отырғызу, қайырымдылық аукциондары және төтенше жағдайлар кезіндегі көмек кіреді.

ForteBank Астана, Ақтөбе және Шымкентте «Тең мүмкіндіктер әлемі» ҚҚ-мен бірлесіп «Тілектер ағашы» қайырымдылық науқанын ұйымдастырды. Науқан ерекше қажеттіліктері бар 160 баланы қамтыды, ал банк қызметкерлері сыйлықтар сатып алатын және жеткізетін сиқыршылардың рөлін атқарды. Бұған қоса, банк жылына екі рет Донор күнін өткізеді, сол арқылы қызметкерлер қайырымдылық шараларына қатыса алады.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚҰРУ

«Верный Капитал» тобы тұрақты болашақты құру қызметінің маңызды бөлігі ретінде қоршаған ортаны қорғауды мойындайды. Біздің екі мақсатымыз бар: біріншіден, біздің портфельдік компанияларды қоршаған ортаға теріс әсерді жүйелі түрде азайтуға ынталандыру, екіншіден, оларға қоршаған ортаға нақты оң әсер ету үшін бір қадам алға жылжуға көмектесу.


ҮНЕМДІ БАСҚАРУ МОДЕЛІ

Компанияның қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін үнемді басқару моделін енгізу қажет. Біздің портфельдегі әрбір актив өндіріс қалдықтарын азайту кезінде қосымша құнды құруға басымдық береді.

RG Gold компаниясының жаңа тау-кен металлургия кешенінің құрылысы қоршаған ортаға мейлінше аз әсер ету мақсатын ескере отырып жобаланды. Атап айтқанда, қолданылатын цианид халықаралық талаптарға сәйкес бейтараптандырылады. Бұған қоса, алдын ала өңдеуден және залалсыздандырудан кейін барлық қалдықтар

көлемі 8 миллион текше метрден асатын, халықаралық сарапшылардың бақылауымен арнайы салынған қалдық қоймасына жіберіледі.

Сарыарқа әуежайында үш негізгі бағытта жұмыс тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар орындалды: суды тұтыну, суды бұру және жылуды тұтыну. Мысалы, барлық нысандарда ауыз су мен техникалық қажеттіліктерге арналған су шығынын есепке алу үшін су өлшегіштер орнатылды. Жабдықтың ең жоғары стандарттарға сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ету және төгілудің немесе ағып кетудің алдын алу үшін әр аймақта жыл сайынғы жөндеу



Нархоз университетінің бас ғимаратын қайта құру университеттің стратегиялық даму жоспары аясында жүргізілді. 2025 жылға дейінгі стратегияға сәйкес білім атмосферасын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау - университетті трансформациялаудың маңызды кезеңдерінің бірі.

Шығармашылық архитектуралық шешімдердің, бионикалық стильдегі дизайнның арқасында жалпы алаңы 30 мың шаршы метр болатын ескірген сұр ғимаратты табиғи жарық молынан түсетін заманауи кеңістікке айналдыра алдық. Жаңа кампус заманауи зертханалармен, тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханамен, сондай-ақ техникалық базасы және эргономикалық, жайлы оқу жиһазы бар аудиториялармен жабдықталды.

Қайта құру жобасының басты ерекшелігі тұрақты дамуға бағдарлану болды: құрылыс кезінде заманауи экологиялық технологиялар, материалдар мен жабдықтар пайдаланылды. Құрылыста озық жасыл шешімдерді қолдану бүкіл кампусқа зиянды заттардың шығарындыларын едәуір азайтуға мүмкіндік берді, сондықтан көміртегі монооксидінің шығарындылары 78%-ға, ал ластаушы заттар шығарындылары 74% -ға төмендеді. Энергия үнемдеуші жарықтандыру құрылғыларын енгізудің арқасында энергияны үнемдеу жыл сайын шамамен 120 мың киловольтты құрайды. Университеттің барлық аумағында 30 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды.

және тазалау жұмыстары жүргізіледі.

2022 жылы жоғары оқу орнының даму стратегиясы аясында Алматыдағы **Нархоз Университетінің** негізгі кампусы қайта құрылды. Қайта құрудың басты ерекшелігі - экологиялық тұрақтылықтың деңгейінің жоғары болуы: құрылыс кезінде экологиялық таза технологиялар, материалдар мен жабдықтар пайдаланылды және кампуста 30 000-нан астам жасыл кеңістік отырғызылды. Құрылыста озық «жасыл» шешімдерді қолдану зиянды заттардың шығарындыларын едәуір азайтты, ал энергияны үнемдейтін жарықтандыру құрылғыларын енгізу арқылы электр энергиясын үнемдеу жыл сайын шамамен 120 000 киловатты құрайды.

Haileybury Astana және **Haileybury Almaty** мектептерінде экологиялық білім беруге ерекше көңіл бөлінеді. Оқу жоспарына оқушылардың тұрақты даму, климаттың өзгеруі және табиғи ресурстарды сақтаудың маңыздылығы туралы түсініктерін жетілдіруге бағытталған пәндер кіреді. Сонымен қатар, оқушылар экологиялық жобалармен айналысып, қағазды, пластикті және қайта өңделетін басқа материалдарды бөлек жинау бағдарламасына белсенді қатысады. Энергия тиімді жарықтандыру жүйелерінің арқасында 2022 жылы **Haileybury Astana** және **Haileybury Almaty** электр энергиясын тұтынуды тиісінше 56 240 квт және 24 358 квт-ға қысқартуға қол жеткізді.

The Ritz-Carlton, Astana қонақ үйі де қоршаған ортаға әсерді азайтуға көп көңіл бөледі. Мысалы, қалдықтарды азайту үшін әр апта сайын нан өнімдерінің қалдықтары Астанадағы жануарлар тәлімбағына беріледі. Қонақ үй Marriott International тұрақты даму бағдарламасы аясында бір реттік дәретхана керек-жарақтарын пайдаланудан толық өлшемді дәретхана керек-жарақтарына көшті. Осылайша полигонға жыл сайын шамамен 500 миллион бір рет қолданылатын бөтелкелердің түсуіне жол бермеу жоспарланған, бұл шамамен 1,7 миллион фунт пластикті (~770 000 килограмм) құрайды. Сол арқылы қонақ үйлерде пластикті пайдалануды азайту шамамен 30%-ды құрайды.

The Ritz-Carlton, Vienna Marriott әзірлеген MESH шығарындыларды бақылау жүйесіне сәйкес электр энергиясын, суды, қалдықтарды және CO2 шығарындыларын ай сайын бақылайды.

The Carlton, Moscow пластикалық қалдықтарды азайту үшін айналымды шыны ыдыстарды пайдалануға көшті. Суды үнемдеу мақсатында қонақ үйдің барлық нөмірлеріне аэраторлар орнатылды.

Global Development Алматы мен Астанада екі көрнекті кеңсе – Park View Office Tower және Talan Towers ғимаратында А сыныпты бизнес-кеңселерді басқарады. Talan Towers – LEED (Құрылыстың экологиялық тиімділігін бағалау саласындағы стандарттар жүйесі) халықаралық стандарттарына сәйкес жобаланған және салынған Қазақстандағы алғашқы ғимарат. Бұған қоса, компания қоршаған ортаға теріс әсерді азайту, соның ішінде

ХЕЙЛИБЕРИ АЛМАТЫДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Экологиялық білім беру мен оқушылардың қоршаған ортаны қорғау мәселелері туралы хабардарлығын арттыру Haileybury Almaty оқу бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады. Оқушылар тұрақты дамуға бағытталған пәндерді, соның ішінде экологиялық принциптерді, климаттың өзгеру мәселелерін және табиғи ресурстарды сақтаудың маңыздылығын зерттейді. Экскурсиялардың, қызықты семинарлар мен танымдық қонақ дәрістерінің арқасында оқушылар орын алып отырған экологиялық мәселелермен танысады, бұл оларды өздерінің инновациялық шешімдерін әзірлеуге ынталандырады.

Haileybury Almaty оқушылардың, қызметкерлердің және серіктестердің бойында қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайту және экологиялық мәдениетті тәрбиелеу бойынша көптеген бастамаларды жүзеге асырды. Мектеп сонымен қатар жаңартылмайтын ресурстарға тәуелділікті азайту және көмірқышқыл газының шығарындыларын мейлінше азайту үшін күн батареялары сияқты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мүмкіндіктерін зерттейді. Қалдықтарды басқару да басымдықтардың бірі болып табылады - мектеп қағазды, пластмассаны және басқа да қайта өңдеуге жарамды материалдарды жауапкершілікпен кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, бүкіл оқу орнының аумағында қалдықтарды қайта өңдеу және азайту тәжірибесін енгізді. Оқушылар қоқысты сұрыптаудың маңыздылығын және оның қоршаған ортаға тигізетін оң әсерін түсініп, қайта өңдеу бағдарламаларына белсенді қатысады. Сонымен қатар, мектеп бірнеше қайтара пайдалануға болатын материалдарды пайдалануды барынша ынталандырады және қалдықтардың жалпы көлемін азайту үшін бір реттік заттарды пайдалануды ұсынбайды.

Haileybury Almaty жақында тұрақты даму мектептерінің халықаралық альянсына (TASS) қосылды және Қазақстандағы «Жасыл ту» білім беру саласындағы ең беделді халықаралық наградалардың бірін алған алғашқы мектеп болды.



«ForteBank 2019 жылы ECO Network әзірлеген «Жасыл кеңсе» бағдарламасына қосылу туралы бастама көтерген алғашқы банк болды. Бұл бағдарламаның ерекшелігі - оның компанияларда қалдықтарды саналы түрде тұтыну және бөлек жинау үшін кешенді негіз жасайтындығында. Бағдарламаның сәтті болуының маңызды факторы мынада: барлық деректер үнемі жаңартылып отырады және олар банктің барлық қызметкерлері қол жеткізе алатын корпоративтік порталда көрсетіледі.

Біз ForteBank менеджментінің де, сондай-ақ оның қызметкерлерінің де жобаға мейлінше көптеп қатыстырылғанын атап өткіміз келеді. Бірлесіп жұмыс істеген кезеңде қызметкерлер үшін әртүрлі форматтағы 100-ден астам оқыту сессиясы өткізілді, бұл оқыту биыл да жалғасатын болады.

Бүгінгі таңда банктің кеңселері мен бөлімшелері 15 тоннадан астам қалдықтарды жинап, қайта өңдеуге тапсырды, атап айтқанда: макулатура – 12 374 кг, шыны бөтелкелер – 2 126 кг, пластик бөтелкелер – 537 кг, пакеттер мен орауыш пленкалар – 302 кг, алюминий банкілер – 25 кг. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, біз банк акционерлері мен қызметкерлеріне қалдықтарды үнемді тұтыну және бөлек жинау мәселесіндегі жоғары жауапкершілігі үшін алғыс айтқымыз келеді».

Евгений Мұхамеджанов, ECO Network жобасының негізін қалаушы

2019 жылдың базалық деңгейімен салыстырғанда олардың пайдаланылуын бақылау арқылы энергия мен суды тұтынуды азайту бойынша егжей-тегжейлі жоспар әзірледі.

ForteBank та қоршаған ортаға әсерді азайту бойынша жұмыс істейді – 2022 жылы «Жасыл кеңсе» пилоттық жобасы аясында Астана, Алматы, Көкшетау, Қарағанды, Ақтөбе және Атырауда жұмыс істейтін банктің алты бөлімшесі қайталама шикізат ретінде пайдалану үшін 130 кг астам қағаз, 55 кг пластик және 290 кг шыны тапсырды.

Burger King күнделікті кВт*сағ энергия тұтынуды қадағалауды қоса алғанда, энергияны үнемдеу шараларын іске қосты. Шаралар өз жемісін берді және 2022 жылы желі қызметкерлерінің электр энергиясын тұтынуы өткен жылмен салыстырғанда 20%-ға азайды.

ҒЗТҚЖ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

Біз ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер арқылы қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайтудың және қызметіміздің тиімділігін арттырудың жаңа жолдарын үнемі іздейміз. Біздің портфельдік компанияларымыз инновацияны енгізудің жаңа мүмкіндіктерін іздеуге жұмылдырылған. Бұл салада **Нархоз Университеті** көшбасшы болып табылады, ол жалпы сомасы 830 миллион теңгеге зерттеу гранттарын ұсынады. 2022 жылы БҰҰ Еуропалық

экономикалық комиссиясы **Нархоз Университеті** жанындағы Қазақстанның тұрақты даму институты әзірлеген «фитоқармау» технологиясын «үздік әлемдік тәжірибелердің бірі» ретінде таныды.

Beeline Қазақстан өзінің цифрлық экожүйесі және 6,5 миллионнан астам пайдаланушысы бар технологиялық компания ретінде жаңа өнімдерді жасап, сынайтын және компанияның ағымдағы технологиялық стектерін жақсарту үшін жұмыс істейтін 50 жуық мамандандырылған IT-командасы бар.

Global Development компаниясы экологиялық менеджмент жүйесін енгізу арқылы инновацияларға инвестиция салады. Сондай-ақ жобаларды әзірлеу кезінде экологиялық аспектілерді есепке алуды қамтамасыз ету және өндірістік қызметтің барлық кезеңдерінде экологиялық тәуекелдерді азайту үшін тежеу және тепе-теңдік жүйесі құрылды. Компания биоалуантүрлілікке басымдық береді және жобалау кезінде өсімдіктер мен жануарлардың әл-ауқатын, соның ішінде жәндіктер үйлері мен құстарға арналған астаулар сияқты элементтерді тіршілік ету ортасын бақылау және есепке алуды қоса алғанда, ол жұмыс істейтін аумақтардың экологиялық құндылығын бағалайды. Қазіргі уақытта компания бизнес орталықтарының айналасындағы аумақта биоалуантүрлілікті сақтау мен арттырудың бес жылдық жоспарымен жұмыс істеуде.



«Тарихтың осы кезеңінде елдердің экономикалық тағдыры мен бәсекеге қабілеттілігі белгілі бір деңгейде цифрландыру деңгейіне, байланыс пен цифрлық қызметтердің қолжетімділігіне, сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласында жұмыс істейтін мамандардың дағдыларына байланысты. Нақ осы телекоммуникациялар үкіметтердің, бизнестің және азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейте отырып, цифрлық қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. VEON тобы тұрғындарының 510 миллион болатын дамушы экономикасы бар алты елде осындай платформаны қамтамасыз ететінін мақтан тұтады. Осы елдердің бірі – Қазақстан, ол жеделдетілген цифрлық трансформацияның тамаша үлгісі болып табылады, біздің портфельіміздегі нағыз інжу-маржаны. Верный Капитал-мен серіктесіп, біз үздік қазақстандық мамандардың әлеуетін тарту және пайдалану арқылы

Beeline Қазақстанды қазақстандық қоғамның нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру, жергілікті контент пен қызметтерді ілгерілету, жұмыс істейтін цифрлық оператор ретінде дамытамыз. Қазақстан біздің Қазақстандағы клиенттеріміздің және жалпы қазақстандықтардың игілігі үшін озық технологиялар мен цифрлық шешімдерді енгізудің бастамашысы бола отырып, біздің бизнесімізде ерекше орын алады».

Каан Терзиоглу, VEON Group бас директоры



Иан Хант,
Haileybury Алматы және
Haileybury Astana
мектептері Қамқоршылар
кеңесінің төрағасы

«Қазақстандағы Haileybury мектептері неғұрлым тұрақты әлемді дамыту және ілгерілету қағидаттарын ұстанады.

Haileybury Алматы мектебі жолдардағы автомобильдер санын азайту және көмірқышқыл газының шығарындыларын кеміту мақсатында оқушылар мен қызметкерлер үшін мектептің тасымалдау қызметін іске қосты. 2023/24 оқу жылында тағы екі бағыт құру жоспарлануда, бұл одан да көп адамға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Біздің мектеп беделді «Global Schools Eco Sustainability Award» және «Жасыл ту» мәртебесін алған бірінші мектеп болды. Бұл - біздің мектепте тұрақты дамуды ілгерілету үшін жүргізіліп жатқан жұмыстың маңыздылығын тану, мойындау белгісі.

Екі мектеп те оқушыларымыздың бойында ең жақсы және неғұрлым тұрақты әлемді дамыту мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тұрақты даму курстарын өткізу үшін сыртқы ұйымдармен белсенді түрде бірлесіп жұмыс істейді. Біздің оқушылар «Beyond COP21» симпозиумына қатысып, климаттық дағдарыс туралы идеяларын және пікірлерін бөлісті. Сонымен қатар, олар Алматы Басқару университетінің өкілдерімен және LeHigh Air Quality Team командасымен кездесіп, ауа сапасы мен когнитивті зерттеулер саласындағы ынтымақтастықты талқылады».





Болашаққа көзқарас

«Верный Капитал» компаниясының қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы есеп біздің бизнес үшін маңызды белес болып табылады. Бұл - біз жұмыс істейтін қоғамдастықтардың өмірін жақсартуға практикалық үлес қосатын ортақ құндылықтарды қолдау және дамыту туралы егжей-тегжейлі шолу. Бірақ бұл - тек бастамасы. Тобымыздың барлық компанияларында тұрақты даму мен ілгерілеуге ұмтылу мәдениеті бізді болашақта одан да маңызды жетістіктерге жетелейтініне сенімдіміз.

Біз күнделікті атқарылып жатқан жұмысымызды үнемі талдап, оның тиімділігін арттыруға тырысамыз және сонымен бірге барлық мүдделі тараптар үшін қосымша құндылық жасау

үшін жаңа бастамаларды дамытамыз. Біз қоршаған ортаға өзіміздің оң әсерімізді барынша арттырғымыз келеді, сондықтан қоршаған ортаны қорғауға, теңсіздікті жоюға және өмір сүру деңгейін арттыруға ұмтыла отырып, БҰҰ тұрақты даму мақсаттарын біздің қызметіміздің барлық бағыттарына енгізуді жалғастыруға ниеттіміз.

Болашақта біз жұмысымыздың тиімділігін бағалау және тұрақты даму көрсеткіштері үшін жауапкершілікті арттыру үшін қоршаған ортаға тигізетін әсер туралы есептілікті одан әрі жақсарту және құрылымдау жолдарын қарастыруды жалғастырамыз. Біз келесі есепте сіздермен жаңа деректерімізбен және ақпараттарымызбен бөлісу мүмкіндігін асыға күтеміз.